

Сармантаев Аян Сапаровичтың

8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының

АННОТАЦИЯСЫ

Зерттеудің көкейтестілігі. Бүгінгі күні білім беру жүйесінен қоғамда болып жатқан жаһандық өзгерістер жаңаша көзқарас, тың бағыттарды талап етуде. Зайырлы қоғамда ертеңіне сенімді ұрпақ тәрбиелеу, білім берудің өзекті мәселесі болып табылады.

Осыған орай, бүгінгі күні білім беру жүйесінің басты міндеті – жеке тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуын, оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау, ана тілін, ұлттық салт-дәстүрлерін сақтау, денсаулығын нығайту сияқты құқықтарын іске асыру және қазіргі қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, өз бетінше дұрыс шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Осы сияқты қасиеттерді білім алушылардың бойында қалыптастыру мен дамыту Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің маңызды міндеті ретінде қарастырылады.

Еліміздің болашағы – ұлттық және адами құндылықтарды меңгерген, сонымен қатар халық педагогикасынан тәлім-тәрбие алған елжанды азаматтар. Қазіргі жаһандану заманында құндылықтар жүйесінің алатын орны ерекше. Өйткені рухани-адамгершілік құндылық – адамның ішкі жан-дүние қасиеттерінің өлшемі, оның жақсылыққа ұмтылуы, басқаларға жанашырлық білдіруі, айналадағы адамдарға қайырымдылығы, дұрыс өмір сүру жайында ізденуі, өзін-өзі бағалап, сол арқылы әлемді тануы.

Міне, осындай мақсаттарға жету білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды қажет етеді, яғни оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, ізденімпаз, белсенді, танымы жоғары жеке тұлғаны қалыптастыру. Ендеше бастауыш сынып оқушыларының танымдық әрекеттері мен белсенділіктерін қалыптастырып, білім, біліктерін жетілдірудің маңызы зор.

Халықтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, әдеп-дағдыларын өскелең ұрпақтың бойына ұлттық ойын арқылы дарыту, әсіресе, баланың танымдық белсенділіктерін ойын арқылы қалыптастыру өмір қажетінен туып отыр. Өйткені баланы жас кезінен адалдыққа елін, жерін, тілін, ділін сүйетін ұлтжанды болуға, мейірімділікке, адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі құралы – ойын.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының өкіметі «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі дамуының кешенді стратегиялық жоспары», Қазақстан Республикасындағы білім туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасында білім беру мекемелерінде тәрбие берудің кешенді

бағдарламасы», ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауы, Дене шынықтыру және спорт туралы Қазақстан Республикасының Заңы, ұлттық тәрбие, оның ішінде дене шынықтыру тәрбиесі мәселелерінің шешімін табуға бағытталғандығын айқын дәлелдейді.

Қазақ халқының көрнекті ағартушылары А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, қайраткер-педагогтар А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытовтар өз еңбектерінде таным, танымдық белсенділік мәселелеріне мән беріп, жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуындағы ұлттық тәрбиенің маңыздылығы мен мазмұнын ашып көрсеткен.

Ұлттық ойындардың тарихын және олардың бала тәрбиесінде алатын орнын, ұлттық тәрбие, ұлттық ойындарды дамыту, қолдану және қазақ халқының ұлттық ойындарын жіктеп, топтастырған қазақстандық ғалымдардың қатарында А.А. Диваев, Б. Төтенаев, Қ.И. Адамбеков, Б.М. Досқараев, Ж. Бекбатчаев, Б.А. Тойлыбаев, М. Таникеев, А.С. Иманғалиев, Ә. Бүпкітбаев, Е. Сағындықов, Т. Қуанышов, Ж. Төлегенов және т.б.; болашақ дене мәдениеті мамандарын кәсіби дайындауға қатысты Б.Қ. Мухамеджанов, А.Қ. Демеуов, А.С. Иманғалиев, А. Ақанов, Ж.Ж. Нұржанова және т.б. Ұлттық тәрбиенің мазмұнын, принциптері мен әдістемесін ұсынған С.Қ. Қалиев, С.А. Ұзақбаева, К.Ж. Қожахметова, Қ. Бөлеев, Қ. Шалғынбаева, Қ.Ж. Қарақұлов, Ж. Асанов және т.б. біздің зерттеу проблемамызға қатысты еңбектерінің маңызы зор.

Ұлттық тәлім-тәрбиенің теориялық және халықтық негіздерін зерттеушілер А.Ә. Измайлов, С. Қалиев, Қ. Жарықбаев, Ә. Табылдиев, С. Ұзақбаева, Қ. Қожахметова, З. Әбілова, Ж.Ж. Наурызбаев, М. Балтабаев, С. Ғаббасов, К. Бөлеев.

Сонымен қатар көрнекті ғалымдар Р.Қ. Дюсембинова, С.К. Әбілдина, Б.А. Амирова, А.С. Мағауова, Қ.Т. Атемова, Б.А. Тұрғынбаева т.б. зерттеулер жүргізіп, өз еңбектерінде халықтық педагогиканың қалыптасуы мен дамуын, оның құралдарының ұрпақ тәрбиесіндегі мәнін, мектептің оқу-тәрбие процесінде алатын орны мен оларды пайдалану мүмкіндіктерін қарастырды.

Танымдық белсенділіктің психологиялық ерекшеліктері мен оның негіздерін зерттеуге үлес қосқан ғалымдар, белгілі психологтар: Е.И. Машбиц, С.Л. Рубинштейн, П.Я. Гальперин, Л.С. Выготский, В.В. Давыдов, Б.Г. Ананьев, А.Н. Леонтьев, Л.З. Занков, Н.Ф. Талызина және т.б. Ғалымдардың зерттеулерінде танымдық белсенділіктің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері ашылып, білім беру ісін дамытуда басты рөл атқаратыны дәлелденген.

Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дамуы мен оқыту үдерісіндегі жеке тұлғаның танымдық іс-әрекетін белсендірудің психологиялық ерекшеліктерін қарастырған психолог - ғалымдар Ә. Алдамұратов, Қ.Б. Жарықбаев, М. Мұқанов, Т. Тәжібаев, А. Темірбеков, Ж.Ы. Намазбаева, Г.А. Урунтаева, М.А. Перленбетов, С.Бап-Баба және т.б.

Танымдық әрекет пен танымдық белсенділіктің дидактикалық негіздерін зерттеген және оқу үрдісінде оқу белсенділігін арттырудың жолдары мен тәсілдерін, танымдық ізденімпаздық, танымдық белсенділігін қалыптастыру

мәселелерін зерттеген ғалым-педагогтер: Я.А. Коменский, Н.А. Половникова, М.Н. Скаткин, Б.П. Есипов, М.А. Данилов, П.И. Пидкасистый, Г.И. Щукина, Т.И. Шамова, А.Ж. Қараев, А.Е. Әбілқасымова, Т.С. Сабыров және т.б.

Тұлғаның танымдық белсенділігін қалыптастыру мәселесі, сондай-ақ, қазақстандық ғалымдардың диссертациялық зерттеулерінде, атап айтсақ, Т.И. Қоқымбаеваның (Халық педагогикасы құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін дамыту), А.С. Мустояпованың (Қазіргі кезеңде жоғары сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары), А.Ж. Едігенованың (Бастауыш сынып оқушыларының қазақ халық ертегілеріне танымдық қызығушылығын қалыптастыру), Б.Т. Абыканованың (Компьютерлік технологияны пайдалану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың дидактикалық шарттары), Е.Қ. Нұрланбекованың (Қазақ ақын-жазушыларының шығармалары арқылы студенттердің танымдық белсенділігін дамыту), Д.Х. Байдрахмановтың (Шетел тілін оқытуда компьютерлік технологияны пайдалану арқылы студенттердің танымдық белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары), М.К. Ибраеваның (Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділіктерін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамыту) қарастырылады.

Сонымен аталған еңбектерге жасаған талдауларымыз бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру мәселесінің бұл еңбектерде қарастырылмағанын және нақты зерттелмегенін дәлелдейді.

Зерттеу барысында, біз бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру моделін жасауға негіз бола алатын теориялық-әдіснамалық негіздерінің ашылмағандығы және зерттелетін проблеманың кәсіби маңызды аспектілерінің жеткілікті деңгейде анықталмағандығына көз жеткіздік. Мұның барлығы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру деңгейінің жеткіліксіз екендігін айғақтайды.

Осы орайда, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру мәселесін ғылыми-тәжірибелік тұрғыда зерделеу қажеттілігі туындап отыр.

Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыруға қатысты ғылыми зерттеулер мен әдебиеттер және оны дамытудың нақты тәжірибесін талдау барысында:

- қазіргі қоғам сұранысының талаптарына сай бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру қажеттілігі мен оның педагогикалық негізделуінің жеткіліксіздігі;

- бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыруда ұлттық қозғалмалы ойындарын пайдалану мүмкіндігі мен оның практикада қолданудың жеткіліксіздігі;

- бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыруда ұлттық қозғалмалы ойындарын пайдалану қажеттілігі мен оны жүзеге асыруда тиімді әдістемесінің болмауы, дидактикалық даярлықтың, арнайы бағдарламалардың жетіспеушілігі;

- бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың қажеттілігі мен оның нәтижеге бағдарлануының педагогикалық шарттары толыққанды құрылмауы арасында қарама-қайшылықтардың бар екені анықталды.

Аталған қарама-қайшылықтар педагогика теориясы мен тәжірибесінде бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың тиімді шешу жолдарын анықтау қажеттілігін туындатып, оны теориялық-әдіснамалық және технологиялық деңгейде қарастыруды талап етеді.

Зерттеу жұмысының өзектілігі мен жоғарыда анықталған қарама-қайшылықтардың шешімін табу зерттеу мәселесін айқындауға және тақырыпты «**Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру**» деп тандауымызға негіз болды.

Зерттеу жұмыстың мақсаты: дене шынықтыру сабақтарында қолданылатын ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу және технологиясын жасау мен тиімділігін тәжірибе жүзінде тексеру.

Зерттеудің нысаны: бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісі.

Зерттеудің пәні: оқушылардың танымдық белсенділіктерін қалыптастыру үдерісі.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер дене шынықтыру сабағында бастауыш мектеп оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастырудағы ұлттық-қозғалмалы ойындардың рөлі ғылыми негізделсе, педагогикалық шарттар анықталса, бастауыш мектеп оқушыларының дене шынықтыру сабағында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы танымдық белсенділіктерін қалыптастырудың үлгісі жасалса, құрастырылған технологияның тиімділігі тәжірибеде тексеріледі, онда бастауыш мектеп оқушыларының танымдық белсенділігі жоғары деңгейде қалыптасады, өйткені ұлттық-қозғалмалы ойындар оқушылардың дене және қимыл-қозғалыс белсенділігін дамытуға, олардың дене шынықтыру пәні бойынша танымдық әрекетке ынтасын арттыруға ықпал етеді.

Зерттеудің міндеттері:

- бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыруды теориялық тұрғыдан негіздеу;

- бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың моделін жасау;

- бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың мазмұнын анықтау;

- бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың формалары мен әдістерін таңдау;

- дене шынықтыру сабақтарында қолданылатын ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастырудың формалары мен әдістерінің тиімділігін эксперименттік-тәжірибелік жұмыстар арқылы тексеру, соның негізінде ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасау.

Зерттеудің жетекші идеясы: Қазақ халқының ұлттық-қозғалмалы ойындары, өскелең ұрпақтың сана-сезімін ояту, жан-жақты жетілген ұлтжанды азамат тәрбиелеудің негізі, өйткені ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай, танымдық белсенділіктері қалыптасады.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері: таным түсінігіне ғылыми анықтама жасау, жалпы алғанда танымдық белсенділікті дамыту теориясы және адамның танымдық іс-әрекетінің мәні туралы философиялық қағидалармен, зерттеу мәселесі бойынша жазылған ғылыми-педагогикалық еңбектермен, бастауыш білім беру мазмұны, құзіреттілік, оның білікті маман даярлаудағы рөлі туралы, бастауыш оқытудың педагогикалық, технологиялық негіздері туралы тұжырымдамалары жатады. Сонымен қатар, келесі әдіснамалық тұғырлар негізге алынды:

- іс-әрекеттік тұғыр (Л.С.Выготский, П.Я. Гальперин, С.Л. Рубинштейн, Д.Б.Эльконин, Г.В.Бабина, М.А.Черкасова);

- жүйелік тұғыр (К.Л.фонБерталанфи, Ю.К. Бабанский, Н.Д. Хмель);

- тұлғаға-бағдарланған (И.А.Зимняя; Е.В. Бондаревская, В.Б.Шадриков, И.С. Якиманская);

- адам тұлғасын және адамның әлеуметтік жоғары құндылық ретінде анықтайтын аксиологиялық тұғыр (М.С. Каган, Д.С. Лихачев, В.А. Слостенин, Е.Н. Шиянов және т.б.);

- этнопедагогикалық тұғыр (С. Қалиев, Қ. Жарықбаев, Ә. Табылдиев, С. Ұзақбаева, Қ. Қожахметова, Р.Қ.Дюсембинова, С.К.Әбілдина, Қ.Т. Атемова, Ш.М.Мухтарова және т.б.);

- болашақ мұғалімдерді оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайтуға дайындау (М.В.Козуб, К.И.Шишикина, Н.О.Тимошенко, В.Б.Иванов және т.б.) бойынша еңбектер;

- болашақ мұғалімдерді, студенттерді денешынықтыру-сауықтыру іс-әрекеттеріне дайындау (И.Р.Федулина, В.В.Королев, Е.В.Заинкина, В.К.Валиева, О.В.Юречко, И.Н.Егоров, М.Е.Глухова, Л.В.Кофанова, М.М.Мусанов, С.Г.Напреев және т.б.) жөніндегі ізденістер.

Зерттеу көздері:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі. 2020 жылғы 1 қыркүйек.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды) (10.03.2017 ж. берілген өзгерістер мен және толықтырулармен)

3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы (2019 жылдың 21 ақпанындағы өзгерістермен толықтыруларымен.)

4. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік Бағдарламасы бойынша Бұйрығы: 2019 жылдың 27 желтоқсаны, №988 бекітілген.

5. 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. – Астана. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бекітілген.

6. Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты. Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы қосымша 2 бұйрығы.

7. «Жалпы білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі №115 бұйрығы (Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 10 мамырдан №199 берілген өзгерістермен толықтыруларымен).

8. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасындағы бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» №500 бұйрығы (Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінде 2018 жылғы 4 қыркүйектен №441 берілген өзгерістермен толықтырулар).

Сонымен қатар, зерттеу жұмысымыздың болжамдарына сәйкес қарастырып отырған өзекті мәселелері бойынша отандық және шетел ғалымдарының (философ, психолог, педагогтар) аталған бағытта жазған ғылыми зерттеулері; білім кеңістігінде үздіксіз педагогикалық білім беру туралы ресми құжаттар (Заңдар, тұжырымдамалар мен баяндамалар) талданды.

Зерттеу әдістері: қойылған міндеттерді шешу және зерттеу гипотезасын тексеру үшін өзара байытатын және бір-бірін толықтыратын әдістер кешені қолданылды:

–теориялық әдістер мыналарды қамтиды: философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерттеу мәселесі бойынша нормативтік-құқықтық және оқу-әдістемелік құжаттарды теориялық талдау; дене шынықтыру сабақтарында қолданылатын ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы оқушылардың танымдық белсенділіктерін қалыптастыру бойынша педагогикалық тәжірибені талдау және қорытындылау;

–эмпирикалық әдістер: педагогикалық эксперимент, педагогикалық талдау, сауалнама жүргізу, сұхбат жүргізу, бақылау, әңгімелесу, диагностикалау, жазбаша сұрақнамалар;

– сараптамалық бағалау, педагогикалық құжаттарды зерттеу, бастауыш сынып оқушылардың танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың жеке компоненттерінің диагностикасы, оқушылар мен болашақ мамандардың қызмет өнімдерін талдау; зерттеу барысында алынған нәтижелерді математикалық және статистикалық өңдеу.

Зерттеу базасы: Зерттеу базасы ретінде Қарағанды қаласындағы №66 мектеп-лицейі және Қарағанды қаласындағы №16 жалпы білім беретін орта мектебі алынды.

Зерттеу жұмысының негізгі кезеңдері: ғылыми-зерттеу жұмысы бірнеше кезеңді қамтыды.

Бірінші кезең (2017-2018) – тақырып анықталып, зерттеу проблемасына сәйкес философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектерге талдаулар жасалды, ғылыми аппараты анықталды. Зерттелетін проблеманың қазіргі ахуалына баға берілді. Зерттеу жұмысының ғылыми теориялық дәрежеде алатын орны анықталды, зерттеу жұмысының болжамына негіздеме құрылды, зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері, зерттеу нысаны мен пәні, сондай-ақ ғылыми болжамдары айқындалды, тәжірибелік-эксперимент жұмысының бағдарламасы әзірленді.

Екінші кезең (2018-2019) – тәжірибелік-эксперименталды кезек. Бұл кезеңде дене шынықтыру сабақтарында өткізілетін ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы оқушылардың танымдық белсенділіктерін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалды, педагогикалық әлеуеті зерделенді және солардың негізінде үлгілік моделі құрылды. Дене шынықтыру сабақтарында ойнатылатын ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастырудың мазмұны анықталды, формалары мен қолдану әдістері таңдалды, сондай-ақ олардың тиімділігі тәжірибелік тұрғыдан тексерілді.

Үшінші кезең (2019-2020) – қорытынды жалпылау, мұнда зерттеу нәтижелеріне талдау және жинақтау жасалып, алынған ғылыми нәтижелердің өңдеуі құрастырылды. Нәтижелерге түзету енгізу, теориялық және эксперименталды мәліметтерді нақтылау жұмыстары жүргізіліп, қорытындылар мен ұсыныстар жасалды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

- бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалды;

- бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың моделі құрастырылды;

-бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың мазмұны аңықталды;

- бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың формалары мен әдістері таңдалды;

-дене шынықтыру сабақтарында ойналатын ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы жалпы білім беру мектептерінің бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастырудың формалары мен өткізу әдістерінің тиімділігі эксперименттік-тәжірибелік жұмыстар арқылы тексерілді және нәтижесінде ғылыми-әдістемелік ұсынымдар жасалды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру бойынша «Ұлттық қозғалмалы ойындар» атты элективті курс бағдарламасы құрастырылып, мұғалімдерге арналған «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру» атты электронды оқу құралы әзірленді. Зерттеу нәтижелерін модульдік технология негізінде жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сынып және дене шынықтыру пәні мұғалімдеріне білім алушылардың білім деңгейі мен қызығушылықтарын арттыру барысында әдістемелік құрал ретінде қолдануға және педагог мамандарының біліктілігін арттыруда қолдануға болады.

Зерттеу нәтижелерінің шындығы мен негіздемелілігі теориялық-әдіснамалық және практикалық дәлелденуімен; зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратпен сәйкестілігімен; зерттеу пәні мен міндеттеріне сәй қолданылған әдістер кешенімен; эмпирикалық материалдың статистикалық өңдеуі, әзірленген жұмыстың бастауыш мектептің практикасына енгізуімен қамтамасыз етіледі.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

- «Таным», «белсенділік», «танымдық белсенділік» ұғымдарының нақтыланған мәні мен «ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастыру» түсінігінің авторлық анықтамасы яғни ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастыру – оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ұлттық-қозғалмалы ойындардың рөлі, олардың тарихы, қазіргі кезеңдегі даму дәрежесі және рөлі туралы білімдерін тереңдету, ұлттық ойындарды терең түсіну қабілеттерін дамыту, ұлттық-қозғалмалы ойындар ережесі бойынша оқушылардың шығармашылық қимылды іс-әрекеті және дене мәдениетін жетілдіре отырып, тұлғаны оң қасиеттерге тәрбиелеу үдерісі.

- Дене шынықтыру сабақтарында ойналатын ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастырудың моделі яғни құрастырылған моделдің барлық құрамдас бөліктері өзара мазмұнды және қызмет ету бағыты бойынша байланыста,

сонымен қатар төменгі сынып жасындағы балалардың танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі– күрделі, кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын дәйекті процесс деп айтуға болады.

- Дене шынықтыру сабақтарында өткізілетін ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастырудың мазмұны яғни білім беру жүйесіндегі негізгі өзгерістердің бірі – жаңартылған білім беру мазмұнына толығымен өту және жалпы білім беру мектептерінде оқытылатын барлық пәндердің мазмұнын осы талаптарға сәйкестендіру. Осы орайда, қазақтың ұлттық ойындарын оқу бағдарламаларына енгізу және сабақ кезінде жүйелі түрде қолдану – қазіргі білім беру саласының маңызды шарттарының бірі, қажеттілік. Себебі оқушының дүниетанымы ойыннан бастау алады. Оның болмысын, мүсінін қимыл-қозғалыс әрекеттері арқылы жетілдіретін болса, нәтижесінде ойлау, зейін қою үдерістері де жылдам өтеді және қалыптасады.

- Дене шынықтыру сабақтарында өткізілетін ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастырудың формалары мен әдістерінің тиімділігі яғни оқушылардың танымдық белсенділіктерін қалыптастыру үшін ұйымдастырылған педагогикалық әдіс-тәсілдер мен педагогикалық іс-шаралар (сайыстар, танымдық тапсырмалар, үйірме) оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, білімі мен қабілетін шыңдады деген пікірдеміз. Сондықтан дәстүрлі емес, жаңа сипаттағы сабақтар (модульдік, ойын технологиясы) сабақтан тыс шаралар (Асық үйірмесі) өткізілді. Жеке, ұжымдық оқыту формаларын қолдану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастырудың арнайы әдістемесі жасалынды.

- Ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастырудың тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері мен ұсыныстар яғни қалыптастырушы эксперимент жұмысы кезінде жүргізілген іс-шаралар эксперимент топтарында жоғарғы деңгей көрсеткіштерінің айтарлықтай арта түскені, бірінші кезекте ұлттық қозғалмалы ойындарға деген қызығушылықтарының пайда болуы әсер етті деген болжам жасадық. Сонымен қатар, олардың санасында ұлттық ойындарға деген қызығушылықтың пайда болуына дене шынықтыру пәні мұғалімдерімен жүргізілген семинарлар мен біліктілікті арттыру жұмыстарының ықпалы деп санадық.

Эксперименттің нәтижесі көрсеткендей бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерінде дене шынықтыру сабақтарында қолданылатын ұлттық қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыруға «Ұлттық қозғалмалы ойындар» элективті курсы ықпал етуі мүмкін екені дәлелденді. Жүргізілген зерттеу жұмысымыздың нәтижелерін саралай келе, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыруда бізге қажетті ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу, тәжірибеге ендірілуі:

Зерттеудің негізгі нәтижелері мен қағидалары халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларында (Қарағанды, 2017; Қостанай 2017; Чехия 2018) және білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда (Астана 2018; Уфа 2019; Алматы 2019), Скопус деректер базасында (SpaceandCulture, India, 2020 (march). - V. 7 (4). – P. 255-263. <http://www.spaceandculture.in/index.php/spaceandculture/issue/view/33>) жарық көрді. Зерттеу жұмысының нәтижелері білім беру ұйымдарының оқу үдерістеріне ендірілді.

Диссертацияның құрылымы: ғылыми зерттеу жұмысы кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, қолданылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде таңдалған зерттеу тақырыбының көкейтестілігі негізделіп, ғылыми аппараты: зерттеудің мақсаты, нысаны, пәні, міндеттері, болжам, жұмыстың ғылыми жаңалығы, тәжірибелік маңызы, қорғауға ұсынылатын қағидалар туралы мәліметтер баяндалды.

«Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың әдіснамалық негіздері» атты бірінші бөлімінде бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалды, яғни «танымдық белсенділік», «белсенділік», «таным» ұғымдарының мәні нақтыланды, «ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыру» түсінігінің авторлық анықтамасы берілді, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыру мақсатында ұлттық-қозғалмалы ойындарды қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылды, дене шынықтыру сабақтарында ойналатын ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастырудың үлгісі құрылды.

«Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың әдістемесі» атты екінші бөлімінде бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың мазмұны анықлған, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың формалары мен әдістері таңдалған, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың формалары мен әдістері тәжірибелік тұрғыдан негізделіп, сынақтан өткізілген және олардың нәтижелеріне талдау жасалған.

Қорытындыда зерттеу нәтижелері келтіріліп, зерттеу болжамы мен қорғауға шығарылатын пікірлерді растайтын ұсыныстар құрастырылған және ғылыми ізденудің көкейкесті бағыттары айқындалған.